

СЫР ДИҚАНДАРЫНЫҢ ТОРҚАЛЫ ТОЙҒА ТАРТУУЫ

● ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

СЫР ӨңІРІ КҮРІШТЕН РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ АЛДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Қызылорда облысында жиын-терін науқанының мол табыспен аяқталғаны туралы облыс әкімі Қ.Көшербаев және бір топ ауыл шаруашылығы еңбеккерлері жолдаған хат келіп түсті.

Хат иелері Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесі мен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, ақ күріштің атасы, дала академигі Ыбырай Жақаевтың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Сыр өңірі диқандары күріштен бұрын-соңды болмаған рекордтық өнім алғанын хабарлайды. Сыр бойы диқандары 80 мың гектар егістіктің әр гектарынан облыс бойынша 54,9 центнерден өнім алып, ел камбасына 440 мың тонна күріш құйған.

«Ұлы Даланың қасиетті пұшпағы – Сыр елі халқының атынан диқандарға, малшыларға көрсетіп отырған қамқорлығыңыз үшін Сізге зор ризашылығымызды білдіреміз.

Сыр бойының еңбеккерлері мен барлық тұрғындары атынан Сіздің жасампаз бастамаларыңызды іске асырып, аянбай еңбек ететінімізге сендіреміз!», – деп жазады қызылордалықтар.

Хат авторлары арасында Қазақстанның Еңбек Ері, Күріш өндірушілер мен өңдеушілер ассоциациясының төрағасы А.Ералиев, «Мәді Қажы» атындағы ЖШС төрағасы А.Камалатдин, «Сыр Маржаны» ЖШС директоры М.Өтеев, «Рза Агро» ЖШС директоры Н.Имандосов және өзге де ауыл шаруашылығы саласының белді еңбеккерлері бар.

Диқан қауым егінін жинап, көңілін бір демдейтін қоңыр күздің берекелі шағы биыл мерейлі мерекеге, ұлан-асыр ел тойына ұласты. Ол – ел тәуелсіздігінің 25 жылдығымен қабат келген даңғайыр диқан, күріштен дүниежүзілік рекорд жасап, өзін де, елін де жержаһанға танытқан екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығы.

Ыбырай құдіретін әлемге ойгілеген жер мен дән, Сыр жері, Сыр күріші. Сондықтан диқан Ыбырай мен жер, дән – егіз ұғым. Сырда күріш негізгі дақыл болып орнығып, облыс егін шаруашылығының басым бағытына айналуы да Ыбырай Жақаев есімімен тікелей байланысты.

Даңқты диқан мерейтойына орай ертең облыс орталығында дән егіп, есімі дүниежүзі тарихына енген ерен еңбек иесіне арналған ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылады. Сенбі, жексенбі күндері салтанатты шаралар Шиелі ауданында жалғасады. Бұл егемендіктің тірегі – еңбекке, еңбек адамына деген ел құрметі.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20

ҚАЗАН
БЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№159 (19245)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНЫҢ АИТУЛЫ ЖЫЛЫ

Облыстың ауыл шаруашылығы еңбеккерлері биылғы жылды толайым табыстармен қорытындылап отыр.

Кәзір еліміздегі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, облыстың ауыл шаруашылығы саласында қолға алынған жатқан шаралар өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін беруде. 2003 жылдан бастап алғаш рет ауыл шаруашылығы саласына мемлекеттік қаржылай қолдау шаралары енгізілді. Сол жылы саланы қолдауға 142,8 млн теңге бөлінсе, 2016 жылы мемлекеттік қолдау көлемі 8,7 млрд теңгеге дейін жеткізілді, немесе 2003 жылмен салыстырғанда 62 есеге артты. Осындай қолдаудың арқасында жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемі өсуде. Егер 2000 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 8,6 млрд теңге болса, 2015 жылы 79,2 млрд теңгеге құралы. Үстіміздегі жылдың 9 айында 54,2 млрд теңгеге өнім өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 5,7%-ға жетті.

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшу және пайдаланылатын жер көлемдерін жекешелендіру кезеңінде бұрынғы ірі шаруашылықтар майда дербес ауыл шаруашылығы құрылымдарына бөлініп, жалпы егіс көлемінің қысқаруына әсер етті. Мәселен, 1991 жылы жалпы егіс көлемі 257 мың гектарды құраса, 2001 жылы 140,8 мың гектарға дейін төмендеп кетті. Ал, 2016 жылы мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың нәтижесінде жалпы егіс көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 27,7 мың гектарға ұлғайтылып, 168,5 мың гектарды құрады. Оның ішінде аймақтың негізгі дақылы – күріш егісінің көлемі 21,0 мың гектарға артырылып, 79,6 мың гектарға жетті.

Саланы әртараптану бағытындағы дақылдардың көлемі нығайтылды. Тұқым шаруашылығын дамытуда мемлекеттік қолдаудың арқасында 2016 жылы егілген егіс көлемінің 99,7% жоғары репродукциялы тұқыммен себілді. Бұл облыс бойынша соңғы 20 жылда болмаған көрсеткіш. Нәтижесінде 1991 жылмен салыстырғанда күріштің өнімділігі 12,0%-ға артып, үстіміздегі жылы барлығы 439,8 мың тонна күріш салысы жиналды және орта өнім 54,9 центнерден келді. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Өткен жылмен салыстырғанда жиналған күріш көлемі 3,8 мың гектарға кем болғанына қарамастан, жалпы өнім 16,2 мың тоннаға арттық. Әртараптану бағытындағы майлы дақылдардан 5003 тонна өнім жиналды.

Сонымен қатар, 73,0 мың тонна картоп (2015 жылмен салыстырғанда 11,5 мың тоннаға арттық), 96,7 мың тонна көкөніс (11,9 мың тоннаға арттық) және 151,5 мың тонна бұқша өнімдері (21 мың тоннаға арттық) жиналды.

Облыс егіншілерінің негізгі мақсаты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы, өндірілген өнімді терең өңдеу арқылы оның экспорттық потенциалын арттыру болып табылады.

1991 жылға дейін облыста күріш ақтайтын бірнеше ғана зауыт болатын болса, бүгінгі күні аймақта әлемдік стандарттарға сәйкес күріш өңдейтін 17 ірі зауыт жұмыс істейді. Бұл зауыттардың жылдық қуаттылығы 514 мың тоннаны құрайды және жыл сайынғы жиналатын күріштің барлық көлемін өңдеуге толық мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылы Жалағаш ауданында «Магро» фермерлік қожалығы облыста алғашқы болып 54 гектар және Сырдария ауданының «Орда» шаруа қожалығы 100 гектар алқапқа қауынның бесекеге қабілетті сорттарын егіп, 714 тонна қауынды Ресейге экспортқа шығарды. Сондай-ақ Жалағаш ауданында «АгроЭкоПродукт» ЖШС Қарағанды облысынан картоп дақылдың 480 тонна 1-2 класс «Ро-

дриго» сортын әкеліп, 160 гектарға картоптың интенсивті сортын егуді жүзеге асырды. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-трактор парк 35% жаңаланды.

Мал шаруашылығы саласында мал басының ең жоғарғы деңгейі 1991 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 20,5%, жылқы – 36,7%, түйе 43,8%-ға артты.

2011 жылдан бастап облыста «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба басталғалы 285 фермерлік шаруашылық 13,3 мың бас сиыр сатып алып, жоспар 34,4%-ға артық орындалды. Сонымен қатар, «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары табысты орындалуда.

20 жыл ішінде алғашқы рет құрама жем шығаратын зауыт іске қосылды. Осындай атқарылған ауқымды істердің арқасында үстіміздегі жылдың 9 айында облыс бойынша барлығы 23,5 мың тонна ет, 60,5 мың тонна сүт өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда өсім тиісінше 5,2% және 1,2% құрады.

Айта кету керек облыс әкімінің тікелей қолдауымен 3 жылдан бері шаруашылықтардың мал азығына жұсқалынан шығындарын 100 пайызға дейін өтеу қарастырылды.

Бүгінде облыста өндірілген мал шаруашылығы өнімдерін экспорттау мақсатында бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылды. Бір мезгілде 3000 бастан мүйізді ірі қара малын бордақылайтын екі мал бордақылау алаңы («Шаған жер» және «Сыр маржаны» ЖШС) салынды.

Облыста өндірілетін сүттің 85 пайызы, еттің 84 пайызы жеке секторда өндіріледі. Сол сияқты, облыста өндірілетін жеміс-жидектің және көкөністің басым бөлігі де жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесінде. Бүгінгі күні жеке сектордың әлеуетін пайдалана отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайту, әсіресе ұсақ отбасылық сүт, ет өндірістерін кооперациялау басты мақсат болып отыр.

Бұл бағытта жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шараларының арқасында жыл басынан облыста 573 жеке шаруашылықтардың бірігуімен 104 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Оның ішінде, 17-сі мал шаруашылығына, 31-і егіншілік саласына, 32-сі кооператив өңдеу саласы, 1-і кооператив су шаруашылығы, 23 кооператив көпсалалы.

Жеке қожалықтарға қолдау көрсету мақсатында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы арқылы өңірімізге биылғы жылға 1741 млн теңгеге жөнелдірілген несие бөлінді. Биылғы жылы ғалымдардың қатысуымен өңіріміздің агроөнеркәсіптік кешеніне 12 инновациялық жоба енгізілуде.

Сонымен қатар, биылғы жыл аяғына дейін күс етін өндіру және экспорттау жөніндегі жобаны іске қосу бағытында жұмыс жасалуда. Жоба бойынша 1500 тонна күс етін өндіретін фабрика құрылысы келер жылы салынады. Сонымен қатар, жылдық қуаттылығы 15 мың тонна томат пастасын өндіру, тәуліктік қуаттылығы 50 тонна шұбат өңдеу зауыттары, жылдық қуаттылығы 2 мың тонна шұжик және жарылмай фабрика өнімдерін өндіретін және күріш шұжасы комбинаттары іске қосылатын болады. Жалпы, облыс еңбеккерлері биылғы ауыл шаруашылығы жылын табысты қорытындылап, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына толымды тартулармен келіп отыр.

Бахыт ЖАХАНОВ,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы.

● БРИФИНГ

БІРЫҢҒАЙ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ

Еліміздегі оқушылардың білім ошағына діни атрибутты киімдермен келуіне заңмен тыйым салынған. Бұл жайында Орталық коммуникациялар қызметінде өткізілген баспасөз конференциясында ҚР Білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиева мәлімдеді.

Вице-министрдің айтуынша, биылдан бастап міндетті мектеп формасы еліміздің 4761 мектебінде енгізілген. Бүгінгі таңда Қазақстандағы оқушылардың 76 пайызы мектептерде белгіленген форма үлгілерін киіп жүр. Сондай-ақ, Эльмира Амангелдіқызы білім беру ұйымдарында оқушылардың діни үлгіде киіну мәселесі жайында сөз қозғалды.

Еліміздің Заңдарына сәйкес Қазақстанның білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады. Яғни, зайырлы сипаттағы мектептерде әлдебір діни тікелей немесе жанама насихаттауға жол берілмейді, - деді ол.

2016 жылғы 14 қаңтардағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 26 бұйрығымен міндетті мектеп формасы үшін бірыңғай талап қойтын ережелер енгізіле бастады. Онда мемлекеттік білім беру ұйымдарында қолданылатын занамаға сәйкес белгіленген ережелерді ұстану қажеттігі айтылған. Яғни, еліміздегі мектеп формасы пиджак, жилет, юбка, шалбар, мерекелік жеңіле, күнделікті жеңіледі құралды (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Ұлдар мен қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Діни атрибуттарды, киім және бас киім үлгілерін киюге жол берілмейді, бұған дейін де рұқсат берілмеген. Белгіленген киім үлгісін сақтау талаптары елімізде қабылданған зайырлық, тең құқылық қағидаларына негізделген мемлекет құрылысына сәйкес. Аталған заң нормаларын орындау барлық конфессия мен этнос өкілдері үшін міндетті, - деді вице-министр.

Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің әкімшіліктері бекітілген киім үлгісін ұстануды және діни сипаттағы элементтердің болмауын талап ете алады.



25 ЖЫЛ – 25 БЕЛЕС

ГАЗДАНДЫРУ: КӨМІРДЕН КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ДЕЙІН

Тәуелсіздік жылдары Қызылорда қаласы және жалпы өңір үшін қол жеткізілген айтарлықтай жетістіктер қатарына газдандыру жұмыстарын жатқызуға болады.

«Құмкөл» кенішінің пайдалануға берілуі Қызылорда облысының тарихында атаулы оқиға болып қалды. Өңірде экономиканың мүлде жаңа, қарқынды дамушы саласы өмірге келді. 1995 жылдан бастап «Құмкөл» кенішін игеруге шетелдік инвесторлар тартыла бастады. Ал 2004 жылдан бері мұнай кеніштерінде ілесіп газды пайдаға жаратуға қатысты бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

Халықтың тұрмысы мен әл-ауқатына, әлеуметтік мәселелеріне баса назар аударатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев орталықтардан шалғай жатқан аймақтар мен өңірлерді тұтас газбен және ауызеумен қамтамасыз етуді Үкіметке қатаң тапсырды. Осы орайда, 2004 жылы Елбасының тапсырмасына сәйкес, «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын секторын ілесіп газға көшіру» жобасы басталды. 2004-2005 жылдары «Қызылорда қаласының тұрғын үй секторлары мен жылу-қуат көздерін ілесіп газға көшіру» жобасының 1 кезеңіне 7 млрд. 434 млн 780 мың теңге қаржы қаралды. Оның 5 млрд 738 млн 460 мың теңгесі, яғни 71,18 пайызы – республикадан, қалғаны жергілікті бюджеттен бөлінді.

Қаламызға келген газды мекемелер мен үйлерге жеткізу жұмысымен «ҚазТрансГаз» АҚ-ның аймақта ашылған «Қызылорда газ шаруашылығы» ЖШС мекемесі айналысты. Аталған кезең аралығында атқарылған негізгі жұмыстарға тоқталсақ, ең алдымен 124 шақырымдық «Ақшабулақ – Қызылорда» магистральдық газ құбыры және газ тарату станциясының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Электр қуаты 50 Вт және жылу қуаты 90 Гкал/сағат когенерациялық газтүрбиналық электрстанциясының құрылысы аяқталды. «СтройТрансГаз» АҚ 58 400 м жоғарғы, 4535 м орташа, 62200 м төмен қысымды газ құбырларын жүргізді. Іргелі жұмыстар нәтижесінде газдандырылған жеке тұрғын үйлердің саны 2010 жылдың басында 3507 болса, 2014 жылы 17 400 жеке тұрғын үйге жетіп, 594 қоспабатты тұрғын үй, 25 мың жеке сектордағы үйлерге газға қосылуға мүмкіндік жасалды.

Бір айта кететінді, 2014 жылдан бастап облыс аумағы көгілдір отынмен Батыс Қазақстаннан келетін «Бейнеу-Шымкент» газ магистралі арқылы қамтамасыз етіледі. Облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес, аталған компания аймақты газдандыру ісіне 23 млрд теңге көлемінде инвестиция салды. Бұл қомақты қаражатқа аймағымыздағы 4 аудан



орталықтарына, атап айтқанда, Арал қаласы, Өйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері мен Байқоңыр қаласына автоматтандырылған газ тарату стансаларының құрылысы мен кварталішілік газ құбырларын салу жұмыстары жүргізілді.

– Тезек пен көмірдің қамы, ыс пен күлдің азабынан құтылған сан мың отбасының тұрмысы жаңа сипат алды деуге болады, – деген болатын Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев халық алдындағы есепті кездесуінде.

Үстіміздегі жылы да газдандыру аясында ауқымды жұмыстар жоспарланған. Бүгінде аудан орталықтары мен қала маңындағы елді мекендерді газдандыру «Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры бойында қарастырылған бұрып арқылы жүзеге асырылуда. Шоқай, Қамыстыбас, Теренөзек, Ақсуат, Бесарық, Ақсепе елді мекендерінде АГТС орнатумен қатар «Бозой-Шымкент» магистральді газ құбырында бұрып құрылысы» және Жақсыкылыш кентін газдандыру бойынша жоба-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу үшін 226,5 млн теңге бөлініп,

мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

2016 жылы облыстық бюджеттен қала іргесіндегі Талсуат ауылдық округі мен үш әлеуметтік нысанда газдандыруға 271,2 млн теңге қаралды. Шыны зауытына газ тарту үшін Ұлттық қордан 1,5 млрд теңге, облыстық бюджеттен 170,5 млн теңге бөлінді. Бүгінде жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның 11,7 млрд теңге инвестициялық бағдарламасы арқылы үш аудан орталығы Жосалы, Жалағаш, Теренөзек кенттері мен Қызылорда қаласының газдандырылмай қалған тұрғын аудандарында жұмыстар жалғасуда.

Газдандыру нәтижесінде аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендер өркеніетке оң қадам жасауда. Енді отын жарып, пешке от жағып, құл шығармайтын болады. Өсіресе, қыз-келиндердің қуанышында шек жоқ. Олар қолдарын ыстық суга малып, жылы үйде уайымсыз тіршіліктерін қамдайтындықтарына дән риза.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, даңғайыр дикан, дала академигі Ыбырай Жақаевтың 125 жылдық мерейтойы мен «Алтын дән-2016» салтанатты шараларының БАҒДАРЛАМАСЫ 21-23 қазан 2016 жыл

21 қазан
(жұма)

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

11.00 - Ы. Жақаевтың 125 жылдығына арналған «Дала академигі – Ыбырай» атты ғылыми-танымдық конференция (А.Токмағамбетов атындағы Мәдениет үйі)

16.30 - Ы. Жақаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі (Еңбек даңқы аллеясы)

17.00 - «Алтын дән - 2016» ауыл шаруашылығы өндірісінің озықтарын марапаттаудың салтанатты шарасы (Н.Бекжанов атындағы драма театры)

22 қазан
(сенбі)

8.00-Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі (Қызылорда қаласы)

ШИЕЛІ АУДАНЫ

11.00-Ы.Жақаев ескерткішіне гүл қою рәсімі (Шиелі кенті, Ы.Жақаев атындағы саябақ)

11.20-Ы.Жақаевтың аруағына құран бағыттау (Ірікөл ауылдық округі, Ы.Жақаев кесенесі)

11.30-Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихи мұражайының ашылу салтанаты (Ірікөл ауылдық округі, Ы.Жақаев мұражайы)

12.00-«Күрметті азаматтар» аллеясының ашылуы (Орталық алаң)

12.15-«Алтын дән-2016» мерекесіне орай театрландырылған көрініс, сала үздіктерін марапаттау, мерекелік әншіну (Иманжүсіп атындағы орталық стадион)

14.30-«Дикан рухы мәңгілік» атты республикалық ақындар айтысы (Салтанат сарайы)

20.00-Қазақстан эстрада жұлдыздарының гала концерті (Елена Әбдіқалыкова, Гаділбек Жанай, «Азия» тобы, Роза Әлқожа). Мерекелік отпашу (Орталық стадион)

23 қазан
(жексенбі)

9.00-Аудандық ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі (Ы.Жақаев көшесі)

9.30-Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығына арналған қазақ күресінің турнирі (Спорт кешені)

10.30-Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығына арналған «Әлемнің әміршісі – Еңбек» атты облыстық патриоттық әндер байқауы (Ірікөл ауылдық округі, ауылдық мәдениет үйі)

11.30-Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығына орай, Мойынқұм ауданы әкімдігінің ұйымдастыруындағы мерекелік концерт (Мәдениет үйі)

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

11.00-Ат бәйгесі (Орталық ипподром)

● ӨНЕГЕ



2016 ЖЫЛДЫҢ 22 ҚАЗАН КҮНІ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТЕТІН «АЛТЫН ДӘН-2016» ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ МЕН АУДАНДАР ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСУ ОРЫНДАРЫ

Арал ауданы – С.Торайғыров көшесінің бойы («Коммунизм» шағын ауданы)

Қазалық ауданы – Г.Мұратбаев көшесінің бойы мен Қ.Ясауи көшесінің қиылысы («Шұғыла» шағын ауданы)

Қармақшы ауданы – «Жұрба» көшесінің бойы (Ақмешіт көшесі мен Саламатов көшесінің аралығы)

Қалағаш ауданы – Жанқожа батыр көшесінің бойы (Реабілаз алды)

Сырдария ауданы – Астана даңғылының бойы (Е.Қоңғарбаев көшесі мен А.Иманов көшесінің аралығы)

Жанакорған ауданы – Тасбоғет кенті (Орталық алаң)

Қызылорда қаласы – Әйтеке би көшесі (Қазыбек би мен Д.Қонаев көшесінің аралығы)

Тіршілік өз заңдылығы бойынша өте береді, күнделікті күйбең тірілікпен жүріп, кей жағдайларға мән беруге уақыт таппай жатқанымызбен, адамның жадында ұмытылмайтын, мәңгі жаңғырып тұратын жағдайлар да кезігеді. Кейде есік алдында отырып, бағы өткен өмірімді еске алып, көз алдыма келтіремін. Біздің дүниеге келген кезіміз аумалы-төкіпелі қиын заман еді, «қызыл» мен «ақтың» шапқыншылығы, қолхоздастыру кезеңі, тапшылық пен ашаршылық жылдары – бәрі де есте. Адам баласына ең керектісі тыныш өмір екен ғой. Әлгідей қиыншылықтар салдарынан қалың жұртшылық сол кездері қара нанға зәру болса да, адамдардың бауырмашылығы мен ынтымағы зор еді. Бәлкім, сондай құлмат замандар адамдардың бір-біріне деген құрметін арттырып, бір қолдың саласындай ұйысуға жұмылдыра ма екен, әйтеуір, сол кездің адамдары еңбек етуден қорықпайтын, қиыншылыққа мойымайтын өжет те, батыл секілді көрінеді маған. Тағы бір айтарым, біреудің басына іс түссе, бүкіл әулет болып, ауылдастары болып, соның ауырталығын бөлісетін-ді. Біз де сол тәрбиемен өстік, сол өнегені мақтан тұттық. Мен жас кезімде әуелі

ҚЫДЫР ҚАРАҒАН

Адам

бухгалтерлік курсты бітірдім. Сұлтөбеде есеп қызметкерлерін дайындайтын алтайлық курс болатын, Соны 1940 жылы оқып шықтым. Қызметке енді араласам ба деп жүргенімде тұрмыс құрып, өзге босағаны аттауды да кенсе қызметіне мойын бұруға мұршап келмеді.

Ата-анам Қазанбай мен Пәкізаның бауырынан он бала өргенімен, еңесіні көтеріп, ержете алғанымыз ағам Әбдіхалық пен мен ғана. Сондықтан да туған ағамның бір ауыл соңы жерге тастай алмай, Жұмалдылаға тұрмысқа шықтым. «Осы жігіттің етегінен ұста, қор болмайсың», – деп еді ағам сонда. Солай болды да. Өлшеуді өмірдің қай қаптары жұмырбасты пенде біліп болған дейсің?! Келін болып өзге босағаны аттаған соң, көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталды да, қыздықты күндердің ду-лау аласапыранға ұласты.

1941-жылдың күзінде күйеуім Жұмалдыла, туған ағам Әбдіхалық, әкеміздің інісі Жайыңбай, баласы Тасболатпен бірге әскерге алынды. Шиелиннің стансысында тұрған аяқпала ауызды қызыл вагон жарамды ер азаматты толғай жұтып, тартылдап майдан жазқа құяра жөнел жатты. Елдегі ауырталдық, әйелдерде, жас бала-шағаның мойнына ілінді. Күнкөрістен бөлек, майдан шөбіне азық-түлік, киім-кешек жіберу секілді ауыр міндет тұрды. Кейінгілердің бірі біліп, бірі білмейтін шығар сол кездегі еңбек майданына әйелдерді де алды. Чкалов қаласындағы аяқкиім фабрикасында жұмыс істеуге туған жентем Пернекүл де алынып, бейшара сол күйі хабарсыз кетті.

Жарамды ер азаматтардың барлығы майданға кетіп, ауылда кілең бала-шаға, қатын-қалаш қалды емес пе?! «Басқа түскен баспақшылы» демекші, міне, сол кездері ұшайлық механизаторлар курсын тәмамдап, 1942 жылы трактор руліне отырдым. МТС-тің қарамағында «ЧТЗ» деген трактор жүргіздім. «ЧТЗ» деген үсті ашық, жанында май құятын бөшкеі байланған трактор болатын. Әлігі тракторды оталдырып кілеметтің қияметі еді. Моторды қозғағыш тетіктей бір құлаш шыңжар темірді жылдам әрі күшпен тарту қажет. Сонда ғана трактордың моторы іске қосылып, тарылдай жөнелер еді. Менімің деп кезде керген жігіттерінің өзі қолын шыңжар арқанға оратып алудан жасқанып, бұл тірлікке жасқаниақтай баратын-ды. Намысқа тырысып, тракторды оталдыруды тез меңгеріп алдым. Темірмен темірдей мықты адам жұмыс жасауы керек емес пе?! Тәуекел дедім, «оталдырып берші» деп кімге жалынyp жүрейн. Қолхоз бастық Ілиястың, «Әп, бөрекелді, күшіңнен» деп басын шайқай беретіні сонда ғой... Ыбырай Жақаевпен етене танысып, бірге еңбек ететінім де осы кез. Ерте көктем еді.

– «Қызыл Ту» колхозына барасың, Ыбырай Жақаевтың күріш егетін жерін жырғасың», – деді механигіміз. Трактордың түтінін бүркіпалатын, қазіргі кезде Ыбырай түбегі аталынатын «Қызыл Ту» колхозының жеріне бардық. Бұл алқап бұрын егін егілмеген, қалың жығылып мен шенел басқан ну екен, соны тазалап, бұтасын арып, жерін айдауымыз қажет. Шаруаның басы- қасында Ыбекеніңн өзі жүрді. Жуас мініс аты бар екен, сонымен келді.

– Қарақтарым, мен де бұрын егін екпеген адаммын, Ел басына күн туып тұрғанда маған да диканшылық жасауға тура келді. Пенде, шіркін, қашанда шыққан тауым биік болсын демеі ме, тосын іс демеі, абыроймен атқаруымыз керек. Ол үшін мына жерді жаксылап, қалыңнан тазалап, шөп-шаламын алып, егін етуге қолайлы жағдай жасайық, ерінбесдер, шаршасандар, сәл отырып, демаларсындар. Әйтеуір, бәлкімізді уақыттылы жерге тастап алайық, дала да күтіміне барынша күш саламыз ғой, – деген Ыбекен атын бір түп жынғылға байлай сала шенгелдерді шабуға өзі бас болып кірісіп кетті. Қолхоз апарған жұмысшы әйелдер қолдарындағы балта, кетпенмен жерді түбіртектен аршуға қайрат көрсетті. Оларға Ыбекен дем беріп, сөзбен көтермелеп, ортақ іске жұмылдырды. Өзі ерекше қайратты, бір өзі 4-5 адамның жұмысын жапқырып істеп кете беретін еді. Сол аршылған алқапты



АДЫПТАР ДОСТЫҒЫ

рынша қарапайымдылығымен қатар бір-біріне деген ыстық ықыласына, құрметіне қалай сүйсінбейсіз.

Ыбырай ата мен Жазылбек атаның арасындағы шынайы қарым-қатынас, сыйластығы елге өнеге. Екі ұлы адамның достық пейілі өмірлерінің соңына дейін жалғасты. Көзкөргендер айтады: 1976 жылы Ыбекеннің үйіндегі әжеміз Би-бажар қайтыс болып, Жазылбек қария көңіл айта келеді. Аудан басшысының тапсырмасымен жергілікті азаматтар Жазылбек Қуанышбаевты Жаңақорған ауданының шекарасынан күтіп алып, Жақаевтың үйіне дейін бастап келеді.

– Жазылбек ақсақал көңіл айтты. Екі қария көрісіп, шер тарқатысады. Жамбылдық қонақтар екі «Волга» машинасымен келді. Сонан қайта елдеріне қайтқанша жолбасшы болып жүрдік. Екі алыптың, екі мәрте Еңбек Ерлерінің қатар отырып суретке түсуі сол кездің куәсі. Қазір кітап-журналдарда қайталап басылып жүрген сол фото. Оны аудандық газет фототілшісі Сейтхасан Хұтаев түсірген еді, – дейді сол кезде жолсерік болған шиелілік азаматтың бірі Тұрахмет Ернязов.

Ыбекеннен шамалы жас кішілігі бар Жазылбек Қуанышбаев інілік жолымен мұнан бұрын да келіп, ағасына сәлем беріп көптеу дәстүрінен аттамаған көрінеді. Ыбекен мен Жазекеннің үлкен достығы жөнінде Аскар Токмағамбетов:

«Кездесті, міне, солай екі батыр, Боп қалды қосылғандай


Бірі тау, бір теңіз секілденіп, Екеуі жұбын жазбай

– деп жазған екен.

Екі алыптың достығы мен көңіл жарастығын дәлелдейтін

мен трактор соқасымен айдап шықтым. Әрине, бұл қазір айтуға оңай болғанымен, қиямет шаруаның бірі еді. Сол шақтан менің есімде қалғаны жұмыс қаншалықты ауыр, таусылмастай ұзақ болса да, сол кезде еңбек еткен әйелдер, балалар бір қабақ шытпайтын, салмақты болды. Мүмкін, заман тынысын жете сезінудің әсері ме екен, қай-қайсысы да өз нормасын орындаса да, дала қосынан кетпей, екінші тапсырма алып, соны бітіріп тастауға кірісіп кететін. Ол кезде тамақ та жетімсіз, тіптен ыстық тамақтың өзі кейде болыңқырамай жатса да, қабақ шытпайтын, қандай төзімді, қайсар, қайратты жандар еді деймін.

Біздің үйдің отағасы Жұмалдыланың Әшіркүл деген апасы Ыбекеннің туысы Болғандайда еді. Сондықтан да құданылы болып, бұрындыра жиындарда көргеніммен, ол кісімен жұмыс барысында алғаш бірге болуым ғой, қапсағай дәнеп, жүзі күнге күйген Ыбекен шаршау дегенді білмейтін еді. Жұрттың мазасын алар күйгелектігі жоқ, барынша сабырлы, әр істі ақылмен атқарар ерекше



Данышпан Абай атамыз айтпақшы: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалаң» дер едім. Еліміздің егемендігінің арқасында білім алуға да, еңбек етуге де жарқын жол ашылды емес пе?! Көзінді ашып қарасан, сан тарау соқпақты көресің, тізең дірлемей, қолың былғанбай әрі қарай қадам бассаң, алдың – даңғыл. Адам өмір бойы ізденіп, оқып, білім алуы қажет. Мен осы күндері де қолыма кітап, газет-журнал алып оқып отырамын. Көп нәрсеге қанығамын. Бұл да менің дала академигі атанған Ыбырай Жақаевтан үйренген өнегем. Адамның ішкі күші мығым болмай, алға баса алмайды. Бір орынды тапқырап айналыңқырап жүріп қалатындардың ішкі сенімі бос, білімінің таяздығының белгісі. Менің төсегімнің басындағы үстел үстінде көрнекті азаматтар, қоғам қайраткерлері жөніндегі естеліктер, Мұстафа Шоқай, Шахмардан Есенов, Ыбырай Жақаев, Нұртас Оңдасынов, Дінмұхаммед

Қонаев жөніндегі кітаптар тұрды. Оқимын, естеліктерді айтып немере, ***

Ыбекенге қайта оралайын, үйіндегі тамағын көппен бірге бөлісіп ішетін көпшілігі еді. «Біздің үйден тамақтанасындар, бұрымізге жетелі», деп қостағындары үшін ертпін кетіп елі жарықтақ. Барынша қарапайымдылығы ғой. Еңбек Ері атағы алған берілгеніде құттықпап барлық, сонда «Бұл «Алтын Жұлдызға» Шырынқұлдың де қосқан үлесі бар», – деп мені көтермелеп отырды.

Қыдыр қараған әулие адам ғой, менің осында жасқа келіп, абыройға бөленуіме Ыбырай Жақаевтың берген батасы Алла қолдап, сеп болған шығар деп үнемі шүкіршілік айтып отырамын.

Тәубе, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Шырынқұл ҚАЗАНБАЕВА,
Еңбек Ері.



ДИКАННАН ҚАЛҒАН ДАНА СӨЗ

Біз – табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жазғыз дәнші де аяқастылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Адам өзі еңбектен қалдырмағаны, Қарттықа аяғын алдырмағаны.

Еңбектің көзін таппаң, Байлықтың өзін табады.

Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен. Соның тілін тауып, соған қызмет қыла біл.

Еріншек егіншіден елгезек масақшы озады.

Еңбектің құяр арнасы – жер.

Адамның еңбектен қаламағаны, қарттыққа бармағаны.

Топырақ аялағанды сүйеді, Жапырақ синағанды сүйеді.

Диканның он күн бастық болғанынан бір күн егіп ескені артық.

Атыз – күріштің отау үйі.

Сәтсіздікке ұшырасаң, жасыма, ашың. Басыңа бақ дарыса, тасыма, қайта ашыл.

Арманның ада болғаны, өмірдің таусылғаны.

Биыл Сыр өңірінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында ақ күріштің атасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жақаевтың 125 жылдық мерейтойы өткізіліп отыр. Аймақ дикандары осы айтулы күн қарсаңында күріштен рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, динегі берік дәстүрге адалдық танытты. Дикан бабаның мерейтойын жоғары дәрежеде атап оту үшін арнайы беделді комиссия құрылып, жүйелі жұмыс жүргізу үстінде. Газет тілшісі комиссия мүшесі, Шиелі аудандық мәслихаттың хатшысы Әшім Оразбекұлымен сұхбаттасып, алдағы жоспардың жай-жапсарын ортаға салған еді.

Шиелі өңірі қашанда еңбекке құлшына кірісіп, ынтымақтастық жоғары өнегісін көрсетумен ерекшеленеді. Ал биылғы өткізіліп отырған мерекенің сән салтанаты тіптен өзгеше болуы тиіс. Ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық тойымен бір аудандан шыққан 41 Еңбек Ерінің көшіні бастап тұрған Ыбырай атамның 125 жылдығының қатар аталып өтуін еңбек адамына деген құрметтің көрінісі деп білеміз. Мерекені өткізу дайындығының бел

ортасында жүзеге, қандай шаралар болғаны жатыр, осы жөнінде таратыңқырап айтысаыз.

Облыс әкімі Қырымбек Қоңғарбаев тойға дайындықты үнемі қадағалап, назарында ұстап отыр. Бұл, әрине, ерекше мереке. Бұрыннан «Әлемнің әміршісі – еңбек» деген тәмсіл бар. Барлық келергілерді, қиыншылықтарды тек бірлесе, адал пейілмен еңбек ету арқылы еңсеруге болады. Сондықтан да мереке еңбек адамдарын арлақтау мен олардың өнегелі іс-тәжірибесін насихаттаумен бағалы болмақ. Шиелі өңірі бұл мерекені өте жоғары дәрежеде өткізуге барынша ұйымшылдық танытып, дайындық жұмыстарын жасап жатыр. Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың басшылығымен тойды ұйымдастыру комиссиясының бірнеше отырыстары өткізіліп, шаралар легі нысықталды.

Тойдың болғанынан болдысы қызық демекші, түрлі жаңалықты естіп қалатымыз. – Ыбекеннің тойы 21 қазан күні облыс орталығынан бастау алады. Бұл күн Достық үйінде «Дала академигі – Ыбырай» атты ғылыми-танымдық конференция өтеді. Оған Астанадан мәртебелі меймандар мен белгілі ғалымдар, еңбек озықтары келіп қатысады деп күтіледі. Бұл орайда, екепті егістен мол өнім алудың ғылыми тәсілдері өңірге арқауына айналуы тиіс. Сол күні Н.Бекжанов атындағы драма театрында «Алтын дән – 2016» ауыл шаруашылығы өндірісінің озықтарын марапаттау рәсімі өткізіледі. Соңынан өнер шеберлерінің үлкен концерті қойылады.

– Керемет екен. Ендігі қызық диканның туған елі, еңбек үлгісін көрсеткен жерінде жалғасатыны ғой?

– Дұрыс айтасыз. Ертіснен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, Ыбекеннің ескерткішіне гүл шоқтарын қойылады, құран бағышталыды. Сонан соң баба есімін неленген ауылда жанадан салынған Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихы мұражайының ашылу салтанаты өткізіледі. Мереке Шиелі ауданы орталығындағы «Күрметті азаматтар аллеясының» ашылуымен жалғасады. Сол күні түсте Иманжүсіп атындағы орталық стадионда «Алтын күз-2016» мерекесіне орай театрландырылған көрініс, сала үздіктерін марапаттау, мерекелік ән шашу тамашаланады.

Мереке көрігін қыздыру үшін елімізге белгілі 14 ақын шақырылып отыр. Олардың арасында елге танымал Мұхтар Ниязов, Нұрмат Мансұров, Жанася Мусина, өзіміздің айтулы жүйріктері Мейірбек Сұлтанхан, Иранғайып Күзенбаевтар бар. Олармен үзетін қағыстыратын басқа ақындырымыз да осал емес. Кейбірінің есімін жұртқа жұмбақ болсын деп әдейі ағамай отырмай. Айтысты Жүрсін Ерманынның өзі жүргізіп, «Дикан рухы мәңгілік» атты республикалық ақындар айтыстың бас бөйгесіне шетелдік автокөлік тігіліп отыр.

– Бөрекедеді! Ат бәйгесі де осындай олжалы өтетін шығар?

– Әрине, мұның да бас бөйгесі жетіл автокөлік. Аламанға көрші облыстардан айтулы жүйріктер қатысады деп отырмыз. Сол күні кешке орталық стадионда Қазақстан эстрада жұлдыздарының гала концерті өтеді. Сонан соң мерекелік отпашу тамашаланады. Ертістен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіліп, қазақ күресін палуандар күш сынасады. Патриоттық әндер байқауы да сол күні Ыбекеннің ауылындағы мәдениет үйінде ұйымдастырылады.

– Жүрген жерін абат болсын, екі тойың қабат болсын деген осы десеніңші. Ендеше сәттілік серік болсын деген тілек айтамыз.

Әңгімелескен
Нұрмахан ЕЛТАЙ.

● ФИБРАТ

Сейілбек ШАУХАМАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Тағдыр-талайына арғы-бергі замандарда қаншама қайғылы, қасіретті, қанды уақиғаларды, тіршіліктің тұтқысынан гөрі ащысын көбірек татуды жазған, мың өліп, мың тірілген біздің бұл халық не көрмеді, кімді көрмеді десеңші? Асқанды да көрді, тасқанды да көрді, асып-тасып, сасқанды да көрді, өскенді де көрді, өнгенді де көрді, өсіп-өніп, өшкенді де көрді. Қызылордаға кімдер келіп, кімдер кетпеді? Бес саусақ бірдей емес, кейбіреулердің келгені де, кеткені де, не бітіріп, не қойғаны да ешкімге белгісіз, сайда саны, құмда ізі жоқ, ал біреулер кеткеннен кейін өлге ат ізін салмайды. Елге жердің үстімен келіп, астымен кететіндер де жоқ емес.

нағыз жанашыры, тілеуқоры болды.

Облыстық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде де осы өңірдің экономикасы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайының өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосты. Ол кісі жаны жайсаң, кішіпейіл, қарапайым, сыпайы, мәдениетті, саликалы, са-лауатты кісі еді. Өзі сазгер, күйші-домбырашы, өнерге жаны құмар жан еді.

Атамыз қазақтың «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп қаттылау айтылатыны да бар. Бұл қағиданың қызмет бабымен, мемлекеттің тапсырмасымен жүрген азаматтарға ешқандай қатысы жоқ. Қозекең құрметті еңбек демалысына шыққан соң өзінің атамекені Шымкентке қоныс аударып, онда да туған-туыс, жекежат қана емес, жалпы халықпен етене араласып, елдің ақылшы, арқасүйер ағасы, жағасы, панасы әрі тілеуқоры, батагөй асқакалы болды. Қозекең мағыналы да мақсатты өмір сүріп, халқының алдында азаматтық, ұрпақ алдында аталық парызын, қарызын орындап, 2015 жылы 90-ға қараған шағында Алланың аманатын



кішіпейіл, қарапайым, мейірімді, қайыр-ымды, иманды азамат.

Уәлиханға ақылды Алла сыйлаған, туағітті таланты – тағдырдың тартуы. Білімді іннемен құдық қазғандай тынымсыз, жасампаздық еңбекпен,

АДАМГЕРШІЛІКТІҢ КАДЕМИГІ

Қайраткер десек те, тұлға десек те жарасатын қазақтың маркаса азаматы Уәлихан Бишімбаевтың жаратылысы тіпті басқа. Уәлихан сөзі де, ісі де тұрақты, антина адал, сертіне берік, Сыр елінің тұз-дәмін астаған қашанда жасқылдарды, жасқылдықты жақтаған, достарын сақтаған, ешкімді, ешқашан саптаған азамат.

Әрбір азаматтың үш құбыласы болады, біріншісі – бүкіл әлем мұсылмандарының құбыласы – қасиетті Мекке, екіншісі – туған жері, үшіншісі – өзінің жүрегі. Сөз жоқ, Мекке мұсылман атаулының иманының темірқазығы, қасиет тұтатын ардағы, көрсем дейтін ансары, болсам дейтін арманы.

Кіндік кесіп, кір жуған, Асыр салып аунаған. Сонда да қоніл тынбаған. Құба төбе ауылдан. Асыл, сұра, бар ма екен?! – дегендей кімнің де болса түпкі тірегі, өмір бойғы тілегі, сыйлары да сүйенері – атақоныс, алтын мекен, кіндік кескен, кісі болып өскен жері. Ал үшінші құбыласы – жүрегі. Міне, Уәлиханның Мекке мен түтінді де тәтті туған жерден кейінгі үшінші құбыласы – Сыр елі.

Бір ауыз сөзінің оң даналық пен даралықтың символындай атам қазақ «жасқылда жаттық жоқ» дейді. Сырдың киелі жері мен қасиет дарыған іргелі елі, қабырғалы халқы, тарихы, қилы-қилы тағдыры, салауатты өмір салты, теңдесі жоқ менталитеті Уәлиханға жат емес, анығырақ айтсам, жанына жақын, жүрегіне жағымды. Ол осы жердің бел баласы мен бесігінде төрбегінен перзентінен артық болмаса, бір мысқал да кем емес.

Пайым-парасаты жоғары, санасы сергек, өресі биік, өлшемі терең Уәлихан Сыр елін Алаштың анасы деп сыйлайды, қилы-қилы заманда қазаққа баспана да, астана да болған киелі жер, қасиетті ел деп қастерлейді, үш жүздің басын қосып ұйытып отырған қазақтың қара шаңырағы деп құрметтейді, халқымыздың қазақи, адами қасиеттерінің, эдет-ғұрпының, салт-санасының, дәстүрінің қаймағын бұзбай, сақтап отырған ұлтымыздың тірегі, жүрегі, генфонды деп қалір тұтады. Сыр елін имандылықтың есігі, Қожа Ахмет Яссауи мен Қорқыт бабамыздың қолтығындай қатан 550 әулиенің алтын бесігі деп біледі.

Адамгершілік пен ақыл-парасатты бөрінен де жоғары қорған халқымызда «Сыйға – сый, сыраға – бал», «Әркім сыйланығның ұстыны», «Сыйға сырық бойламайды» деген мақал да. «Сен қонақ болсаң, мен құлмын, мен қонақ болсам, сен құлысың» деген пәлсапаның ұғым да бар. Тұла бойын ұмит, арман, қиял ғана емес, мұң мен мұқтажды өкпе мен өкініш жайлаған, ет пен сүйектен жаралған, жұмырбасты, әкі аяқты пенде түгілі, ең ірсітесе, ешкімге мұқтаж емес бүкіл әлемнің жаратушысы Алла тағаланың өзі өзіне арналған жақсы сөзі, мадақты ұнатады екен. Алла тағала: «Егер сен маған қарай бір қадам жасасаң, мен саған қарай 10 қадам жасаймын, егер сен маған қарай он қадам жасасаң, мен саған қарай жүгіремін» деген екен. Уәлихан Сырдың елін, жерін, халықн құрметтейді, сүйеді сыйлайды, қимайды, әрқашанда бір қадам да, он қадам да жасап келеді, жүгіретін жерінде жүгіреді де.

Ертеден келе жатқан «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген де сөз бар, оны «жүрген жері» деп те айтады. Күші бойына сыймай, таланты тұл қазаннан асып-тасып жататын мықты азаматтардың белгілі бір аймақтың шеңберінен шығып кетіп, бүкіл елге, халыққа ортақ тұлғаға айналатынын ескерсек, Уәлиханның Мысыр шаһары – Сыр елі. Ол осы жерде өсті, өнді, төгі мен қанынан бастау алатын қасиеті мен қабілетінің, жасампаз еңбегі мен тынымсыз ізденісінің арқасында өмірден өз орнын тапты. Халқымызда: «Туыс туыс емес, қоныс туыс» дейді. Уәлихан 1976 жылдан 1996 жылға дейін Қызылордада жоғары білім ордасының басшысы болып, нәтижелі, абыройлы еңбек етіп, қызылордалықтармен біте қайнасып, туысып, жыусып кетті.

Уәлиханның туысы да, қонысы да, өрісі де Қызылорда.

Ертеден келе жатқан «жасқылдық көрген жеріне еңбектеп жет» деген қасқабақ қаңда бар. Уәлихан Қызылорданың бірге қасқабақ, дәмдес-тұздас, әріптес болған, сыйласқан азаматтарының, бәрінің де қуанғандарында да, қайғырандарының да дер кезінде, сын сағатында қастарынан табылып, қуаныштарына толтырып, қайғыларына ортайтып келеді. Өз кезегінде «Ер мойнында қыл арқан шірімес» дегендей, Сыр елінің азаматтары да әрдайым Бишімбаевтар әулетінің төңірегін табылып келеді.

Міне, нағыз сыйластық, бауырластық, жолдастық, адамгершілік деген осы емес пе?!

Тәңірдің бізге сыйлаған тіршілігінің арқасында Бишімбаевтардың үшінші әулетімен замандас, дәм-тұзdas, тағдырлас, сыйлас, тіпкеске болып келеміз. Тамыры терең, бұтағы бүтін, жапырағы жасыл, жемісі мәуелі осы әулеттің ұстыны, абырой-атағы, бөделі мен берекесі бізміз де алғашуы сыйлайтын Қозыке ағамыз болды. Қозекең соғыс және еңбек ардагері, запастағы полковник, тамаша азамат, ғажапшп кісі еді. Көп жыл мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы мен Ленинск қаласын қамтитын басқармасының бастығы болып ұжыммен, басшылармен, елмен, халықпен етене араласып, іскерлік қарым-қатынаста сенім мен сыйластық жағдайда нәтижелі, абыройлы қызмет етті.

Қызылорда десек, ішкен асын жерге қоятын, тауығында да аяғы сынбасын дегіпн еліміздің

ретімен, жолымен, жөнімен төрелеп тапсырды. Адамның бірінші байлығы, бақыты жасаған жасы 90 жас екінің бірі, егіздің сынары түгілі, мыңның біріне де бұйыра бермейтін, бақыт, Алланың сүйген пендесіне ғана беретін сыйы.

Қарадан шығып хан болған Құнанбай қайтыс болғанда Тұрап ақын:

«Құнан өлді, қағбаның қақпасындай, Құнан өлді, құранның тақтасындай, Құнан өлді, алдынан жарылқасын,

Алтын қалды артында ат басындай», – деп жылаған екен, жырлаған екен. «Танымаған адамға әйтеуір бір шал өлді, ал таныған адамға ту құлады, хан өлді» деп жоқтаған екен. Осы Құнанбай мен Абайға арналған аталы сөз, баталы сөз құтты бір Қозекең мен Уәлиханға арналғанды. Қозекең өмірден озғанда қызылордалықтар қоғамда жапырылып барып, көңіл хошын көрсетті. Осының өзі елдің елдігін, халықтың халықтығын, Қозекеңнің кім екендігін көрсететін жағдай емес пе?!

Уәлиханның анасы Мария аяп ақылды, парасатты бипатыма жан еді. Аты алты Алашқа белгілі Исатай Әбдікәрімовтың орнына Сырдыра аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланғанында: «Қарағым Сейілбек, «қойынынан төгілес, қонышына» деген, ағаның орнына сайланғандың құтты болмасын!» деп тілектестігін білдірген еді.

Қазақ: «Бір күн дәмдеске, 40 күн сәлем» дейді. Мәкеннің қолынан талай дәм таттық. «Жігіттің қосы ойы, ісі ойбайды». «Бір жаксы бір жаман әр жерде бар. Екі жаксы қосылған кәл жерде бар» дегендей екі жаксы қосылып, одан дүниеге жаксы ұл, қыз келгенге не жетсін. Бұл әрбір ата-ананың арманы емес пе?!

Таудан аққан тасбұлақ, Құймай қоймас теңізге. Жаксы әкеден туған ұл, Тартпай қоймас негізге, – деп осындайды айтқан ғой.

Төле би қаз дауысты Қазыбекке «Шырағым, бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала ескіме жетіп туады, бір бала кері кетіп туады» деген, сен соның қайсысы боласың?» деп сұрапты. Сонда Қазбек «Өткенімді алдымады өмір біледі, өз ойымша әксем жетіп тудым» депті. Қозекеңнің ұрпағының басындағы бағы «әкеге жете туса екен» деген тілектен асып түсті. Уәлихан өз заманынан оқ бойы оза туып, замандастарының, тағдырластарының алды болса, немересі Қуандық – бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ат арқасына мінген жаңа, жас бұбының бірі емес, бірегейі. Ол елін, халықн жаксы істерімен қуанып, қазақстандықтардың риясыз сеніміне, үкілі үмітіне айналып отыр. Уәлихан да, Қуандық та Қозекеңнің өзі, көзі, өмірі, өмірінің жалғасы, оның жаксы адами қасиеттерің, абыройын, атағын, бөбелін, берекесін жалғастырып келеді. Ата-ана бақты, бала бақыты деген осы да!

Жоқтан бар пайда болмайды, тақыр жерге шөп те шықпайды, тексіз, 62 тамырдан ағып жатқан адал, таза, киелі, қасиетті қанасз тұк те болмайды. Бұл әулеттің баспаңдығы бақ та, тақ та, бабрый да, атақ та, бөбел де, береке де тек аталары – Ұлы жүздің ұлы бабасы Бөйдібектің тамыр тартып жатыр десек, аржағын көңі ашық, көкірегі ояу, ойы озық, сезім сергек оқирманың өзі түсінері, ақиқаттың ауылына ат байлағандай болары сөзсіз.

Уәлихан ұстаз, ұстаздардың ұстазы, ғалым, ғалымдардың ғалымы, қарымды қоғам қайраткері, періште-пенделерге қасқан, шайтанға тұзақ құра алатындай сұңғыла саясаткер.

Уәлихан 30 жасында орда бұзып, Қызылордада жоғары оқу орнының директорылығынан бастап Жаңбылда, Оңтүстік Қазақстанда М.Әуезов атындағы университеттерде 35 жыл табаны таймай ректор болды. Бұл республика тари-хында сирек кездесетін жағдай. Уәлихан Парламент мәжілісінің депутаты, КСРО-ның және Қазақстан Республикасы ғылым, білім, техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Отандық, Халықаралық бс ғылым акаде-миясының академигі, Қазақстан біліміне еңбек сіңірген қайраткері, «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь революциясы», «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыс-тарының құрметті азаматы.

Халық: «Аттың жаксысын қазанат, жігіттің жаксысын азанат» дейді.

«Атқа міндің, ажалға міндің» дегендей, ат арқасына мініп, халықтың көзінде, көкірегінде жүрег азаматтарға тарихтың, халықтың, уақыттың көр талабы да, пікірі де, сыны да, сынағы да, міні де, берер бағасы да, өлшемі де, қарғысы да, алғысы да шаштөкеште болары сөзсіз.

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген екен. Уәлиханның білімі қандай терең, ғалымдығы қандай биік болса, алған тәрбиесі сол тереңдік пен биіктікті ұштастырып, жалғастырып, жарастырып, толықтырып тұрғандай. Тәрбие деген тәңірдің төресі, төбесі, төл басы АДАМГЕРШІЛІК тәрбиесі дер емі.

Өрбір адам – бір әлем, шешілмеген жұмбақ, құпия құбылыс. Алла тағаланың ең бір керемет туындысы, сәтті шыққан шығармасы. Оның саналуан қыры мен сырынан, қабілет-қаһарының, адами қасиеттерінің, бүкіл болымсының, жаксы жактарының жиыптығын адамның адамгершілігі дейді.

Уәлихан – адамгершілігі өте жоғары азамат. Ол ақылды, адал, парасатты, білімді, мәдениетті,

тәжірибені өмірден, ортадан, елден, халықтан, уақыттан, тарихтан мысқылдап, тырнақтап жина-ған азамат.

Уәлиханның өмірдегі сәттіліктерінің, жеміс-терінің, жеңістерінің, басындағы бағының, астын-дағы тағының темірқазығы, қос қанаты оның білімінің тереңдігі, ақилының кемелдігі.

Мұхаммед пайғамбардан кейінгі төрт Халиф-тің бірі, бірегейі, Әзіреті Әлі Халиф болып тұрғанда бір ғұлама мынадай сұрақ қойыпты: – Білім артық па? Байлық артық па?

Сонда бабамыз білімнің артықтықшылығы жөнінде он түрлі бас бұлтартпас, дәйекті дәлелдер келтірген екен.

Біріншіден – білім артық, өйткені ол пайғам-бардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра.

Екіншіден – білім артық, өйткені ол сені бағамды, ал байлықты сен бағасың.

Үшіншіден – білім артық, өйткені ол досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды көбейтеді, – деп он түрін дәлелдеп берген ек.

Уәлиханның ақилына ақыл, біліміне білім қосқан оның инженерлік, техникалық мамандығы деуімге толық негіз бар.

Инженер демекші, бұл мамандық сан алуан басқа мамандықтардан бөлекшеулеу, ерекшеулеу мамандық. Инженер деген өз ісіннің шебері, әміршісі, тамыршысы, тәуібі дегенді білдірсе керек. Сондықтан да өз ісіннің білгірлері, дүлдүлдері, ажалға арнашып дәрігерлерді де адам жанының инженері деп жатады. Бұл да шындыққа, әділеттікке жақын жатқан қасқабақ қаңда емес пе?

Өйткені өмірде қай саланың инженері бол-масын, оның басым көпшілігінің ой-өрісінің, көңілгеінің кендігі, кемелдігі, нақтылығы, дәлді-гі, дәйектілігі, іскерлігі, ұйымдастырушылық, ізденімпаздық, тапқырлық, жасампаздық күш қуатының артықшылығы дәлелдеуді қажет ете қоймайтын аксиома. Оның негізгі себептерінің бірі, бірегейі, олардың білімдерінің тереңдігі. Адамның миының бірнеше қатпарларына, миллиондаған клеткаларына салмақ салып, оятып, іске қосып, оны белсенді жұмыс істетеуе жұмылдыратын «Математика – парница науки» демекші, «Высшая математика», «Сопротивление материалов», «Теория механизмов и машин», «Начертательная геометрия» сияқты қиын да қызық білімнің, ғылымның тұңғыш сыр-сандықтарының қыр-сырын терең меңгеруде жатыр десек, ақиқаттың ауылынан алыстамасымыз анық.

Ал студенттер бізді, ТММ-ны «түт моя мо-гилка», «Если сопорам сдел, то можно влюбиться, если ТММ сдел – можно жениться», деп тегінше-тегіп айтпаса керек.

Жалпы инженерлер қай іске болса да бейім, әмбебап, тіптен бірі, ауқымды халықтық, мемлекеттік істерге де қауқарлы екендіктерің өмірде көрсетіп-ақ келеді. Оған басты дәлел Қазақстанда 40 жыл басқарған Д.А.Қонаевтың, отыз жылға жуық басқарып келе жатқан Н.Ә.Назарбаевтардың тау-кен, металлургия инженерлері екендіктерін айтсақ та жеткілікті ғой деп ойлаймын.

Уәлихан ұстаздан да, шәкірттен де жолы болған, ақылды, парасатты, саликалы, салауатты ортада, мәнді, мағыналы, мақсатты өмір сүріп, қай жерде қай қызметте болмасын нәтижелі, абыройлы еңбек етіп келеді.

Ұстаздары: Еліміздің асқар таудай азамат-тары, Қазақстанның инженерлік ғылымының қор-фейлері С.Т.Сүлейменов, А.А.Абдуллин, Н.К.На-диров, М.Ф.Уркумбаевтар.

Шәкірттері: К.А.Бисенов, Д.М.Сахиев, М.Ж.Досжанов, К.А.Нарманова, Майра Барак-баева, Ғанибек Қазангев, Темірхан Кенжабев, Александр Викторов, Асан Ходжаханзаров.

Уәлихан – аяғынша, туысқа, жекежатқа, ұстазға, шәкіртке, досқа, жолдасқа бай, төңірегі түтел, іргесі бүтін азамат.

Уәлихан – ешкімнің ала жібін аттамаған, ешкімге қылдай қиянат жасампағн, ешкімнің қасы мен қабағын қарауылдамаған, табалдыры-ғына табынбаған, ешкімнің ізіне шөп салмаған, ешкімнің алдында тізесі бүгілмеген, басы иілмеген, кеудесін ешкімге бастырмаған, төбесіне ешкімді шығармаған, азаматтығына, адамгершілігіне дақ түсірмеген, ар мен намыстан жаралған азамат.

Иә, Уәлихан ғылымға қосқан елеулі еңбегі үшін Отандық, Халықаралық бс ғылым академиясының академигі болып сайланған.

Мен жоғары мәртебелі халықтың да аза-маттарға ат қою, атақ беру мүмкіншілігін пай-далана отырып, Уәлиханды Адамгершілік акаде-миясының академигі деп атауға әбден лайықты азамат деп ойлаймын.

Уәлихан, ең жоғарғы, ең мәртебелі, ешқашан, ешкімнің де пешенесіне бұйырмаған тарихи, адами атағың құтты болсын!

Адамның бірінші байлығы, бірінші бақыты – жасаған жасы.

Мінді, мағыналы, мақсатты, мәртебелі 70 жасың құтты болсын!

Шыңғыс даналығы: «Алпысқа келмегеннен ақыл сұрам» – дейді.

70 жас – азаматтың шашына ақтын мықтап түсуіндсы, ақилы әбден пісетін жас.

70 жас – азаматтың бергенінен берері көп, даналықтың, даралықтың, асқақалдықтың, абыз-дықтың алғашқы баспалдағы.

Уәлихан!

Қадамың құтты болсын, Сапарың сәтті болсын. Аттың армасын Тоңын тоқтасын.

АПТА АҒЫМЫНДА

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай АЙМАҚТА ӨТЕТІН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРАЛАР (21-23 қазан аралығында)

21 қазан. У.Бишімбаевтың 70 жасқа толу мерейтойына орай конференция, Қызылорда қаласы. 22-23 қазан. Б.Сүлейменов атындағы дзюдодан халықаралық турнир, Қызылорда қаласы.

● БРИФИНГ

ТӘРТІП ПЕН РЕТТІЛІК — ДАМЫҒАН ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық ішкі істер департаменті жергілікті полиция қызметінің бастығы Қ.Қобландин БАҚ екілдеріне арнап брифинг өткізіп, өткен 9 айда атқарылған жұмыстар барысына тоқталды.

Жергілікті полиция қызметінің негізгі бағыт-тарының бірі – қылмыстың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ішкі істер министр-лігінің бұйрығымен облыс орталығы 396 бағытқа бөлініп, жол-патрульдік полиция қызметкерлері тәу-лігіне 2 ауысымда қызмет атқарады. Өткен жылдағы криминогендік ахуалды талдаған мамандар қылмыс жиі орын алатын аймақтардың картасын жасады. Осы бағыттарға жауа нарждтар мен автопатрульдер шығарды.

Жол апатының алдын алу шараларының нәти-жесінде 9 айда орын алған жол-көлік оқиғаларының саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда үш дерекке азайған.

Елбасы Ә.Жолдауында «Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбейуілік принципін ұстануы тиіс, дамыған

қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы пәлдеден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады», – деген. Бұл қағидақты қалыптастыру үшін әкімшілік кодексте баптар белгіленген. Азаматтардың құқықтық сана-сезіміне селкеу түсіретін, қоғамдық тәртіптің бұ-зылуына әсер ететін тәртіпсіздіктерге тоқтау салу бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек. Тоғыз ай ішінде 22 мыңға жуық құқықбұзушылық анықталып, тиісті шара қолданылған.

Осы уақыт аралығында полиция қызметкерлері халық алдында есепті кездесулер өткізіп, жеке мәсе-лелеріне, мұң-мұқтаждарына ден қойды. Біздің қо-ғамның қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін халық пен полицияның тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауына әзір еместігі байқалады. Көзі көрген бұзақылықты немесе құқық бұзушылықты полицияға хабарлауға ынталы адамдар көп емес. Болашақта полиция өз тәжірибесіне келесіндіктермен көп болып жүресүдін тың тәсілдерін енгізбек. Сонда ғана тәртіпсіздікке мүлде төзбейуілік қағидады қалыптастырады.

М.МЕРЕЙ.

САРБАЗДАР БОРЫШЫН АБЫРОЙМЕН ӨТЕУДЕ

Ер жігіттің Отан алдындағы қасиетті парызы – әскери борышты өтеу десек, бүгінде Сырда туған ұлдарымыз әскер қатарында сенімді ақтап жүр. Оған облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментке әскери бөлімдерден келген хаттар дәлел. Одан әрі нақтылай түссек, өткен жылдың көктемгі-күзгі шақырылымында аймағымыздан Отан қорғауға аттанғандар ішінде 80 сарбаз саптан озып, үлгілі нәтижеге қол жеткізді. Бұл жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының лауазымын уақытша атқарушы Марат Сүлеев айтып берді.

– Осы жылдың көктеміндегі әскери қызметке шақыру науқаны бойынша жоспар толығымен орындалды. Атап айтар болсақ, ҚР Қарулы күштеріне – 279, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметіне – 140, ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне 15 және ҚР Ұлттық ұланы сапына 309 жерлесіміз қабылданды, – дейді Марат Сатыбалдыұлы.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ОНКҮНДІК

Облыстық онкология орталығында онкология орталығы бас дәрігерінің орынбасары Дариға Өтегенова, орталықтың кеңес беру-диагностикалық

ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ИЕСІ

ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАМҚОРЛЫҚ –
ЕРТЕҢГІ КҮН КЕПІЛІ

Жастар форумы аясында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жастар ұйымдарының көшбасшыларымен кездесті.

Кездесуге келген жастарға арнаған сөзінде аймақ басшысы алдымен Елбасымыздың жастарға деген қамқорлығына тоқталды. Сондай-ақ, ол ел ертеңі бүгінгі жас екендігіне баса назар аударып, келер заманның оңай болмайтындығын, қиындықпен күресе білу керектігін жеткізді.

Біздің мақсатымыз – белсенділерді көрсете отырып, жастардың нақты мәселелерін талқылап, олардың шешу жолдарын айқындау. Бүгінгі заман, болашақ білімдігі тиесілі. Сондықтан, әрбір жастың білім алуы мен жұмыспен қамтылуы үшін күш біріктіре жұмыс жасауымыз керек. Әсіресе, сіздерге артылар жауапкершілік жоғары, – деді аймақ басшысы.

Қырымбек Елеуұлы бұл орайда әлемнің Ғылым-білім дамыған елдерін әңгімелеп, өркеніеттің озық үлгісіне қалам басқан тұлғалардың өмірінен мысалдар келтірді. Айталық, әлемнің бай кәсіпкерлерінің бірі, канадалық ғалым Илон Масктың бағындырған биігі бүгінде аңызға айналып отыр. Бірақ, шындық – болашақта мұнай-газ өнімдеріне сұраныс азаяды, электр қуаты жаппай Күннен, желден өндіріледі. Сол уақытта экономикасы “қара алтына” тәуелді қазақ елі қалай күн көреді? Әрине, бұл тығырықтан тек білімнің күшімен шыға аламыз.



Қырымбек Елеуұлы жиын барысында бүгінгі қазақ жастары арасында қалыптасқан күрмеулі мәселелерді ортаға салды.

Облыстық ішкі саясат басқармасының мәліметінше, Қызылорда облысында не оқуда жоқ, не жұмыста жоқ жастардың саны 20 мыңның үстінде. Өркеніетті экономикалық ықпалдастық және даму ұйымына мүше елдер мұндай жастарды NEET санатындағылар деп атайды екен. Сонымен, NEET-тіктерге қайтпн қолұшын созамыз? Әлде, «құл болмаса, бұл болсын» деп жүре береміз бе?

Қызылорда облысында қазіргі таңда 15 бағыттан тұратын мәліметтер базасы жасақталуда. Базаға мектеп бітірушілер туралы толық ақпарат жинақталады. Яғни, кімнің қайда не істеп жүргені анықталып, қажетті көмек көрсетілуі керек. Көмек дегенде, қабылданған бағдарламалар мен қолға алынған жобаларға тартылады. Мәселен, биыл «Серпін» жобасы бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін 4 мыңға жуық кәсіптік-техникалық колледждерге 1050 грант бөлінді. Бұл – УБТ-дан төмен балл жинаған және қатыспаған түлектерге жасалатын жасалық. Бізгелі тағы бір жағымды жаңалық – соңғы жылдары қызылордалық жүздеген түлек Ресейдің маңдайында оқу орындарында тегін оқып жатыр. Тегін болғанда бар қаржы Ресейдің есебінен, мұндай мүмкіндікке өзге аймақтар арасында бірінші қол жеткізіп отырмыз.

Кеңестік кезеңде студенттер құрылыс отрядтарына жазылып, еңбек ететін. Жастарды еңбекке баулып, өз бетімен өмір сүруге тәрбиелеудің төте жолы еді бұл. Қызылорда облысында жібі үзілген дәстүр қайта жандануда десек, артық айтқандық болмас. Нақтыласақ, осы жазда жүздеген жас уақытын құр өткізбей, құрылыс нысандарында еңбек етті.

Облысымызда аймақ басшысының бастамасымен құрылған жастар ресурстық орталығы бар. Қазіргі таңда мұндай орталықты барлық ауданда ұйымдастыру жұмыстары жүруде. Қырымбек Елеуұлы жүзлесуде аудандарда жастар орталығын ашуды жыл аяғына дейін бітіруді тапсырды. Қаржы қажет болса, тез арада шешіп беруге көмектесетінін айтты. Бұл орталықтың басты ерекшелігі сол – қоғамнан тыс қалған жастармен жұмыс жасайды. Орталық жетекшісі Жасұлан Алдабергеновтің айтуынша, жыл басынан бері ұжым 22 бос жұмыс орны жарменкесін өткізіп, 33 мың жасқа кенес берген. Алдағы уақытта жастар ресурстық орталығында коворкинг, продюсерлік, спортпен шұғылданып, ақсау-ойын, психологиялық бөлмелер жұмыс жасайды.

Жиын соңында жастар тарапынан аймақ басшысына түрлі ұсыныс-тілектер айтылды. Ол кезегінде Қырымбек Елеуұлы жастары пікірі ескерілетінін жеткізіп, олардың болашағына ақ жол тіледі. Қуанарымыз, бүгінде Сыр елінің жастарға жасар қамқорлығын басқа облыстар өздерінде жүзеге асыруға ықылас танытып отыр. Айталық, жүздесуге қатысқан «Жас Отан» жастар қанаты» төрағасы Шахмардан Байманов өз сөзінде еңбек ресурстары балансын зірлеу және маргинал жастармен жұмыс жасау тәжірибесін Қазақстан бойынша іске қосуға болатындығын жеткізді.

Нағымжан САУЕВ.

“Мәңгілік ел мұраты – Тәуелсіздік” тақырыбында өткен облыс жастарының XII форумы биыл талапты да талантты жастардың басын қосты. Форум барысында 4 бағыттан тұратын секциялық жұмыстар ұйымдастырылып, жастар еркін пікір алмасуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, облыстағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың 2020 жылға дейінгі стратегиясының жобасы талқыланды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығын дәріптеген жастар форумының жұмысы табысты өтті.

Форумының алғашқы күнінде “Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы мемлекеттік мекемелердің және жастар ұйымдарының өзара іс-қимылы”, “Ұйымдастырылмаған жастармен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдері”, “Жастар саясатына талдау және мониторинг жүргізу”, “Мемлекеттік жастар саясаты саласында жаңа жобаларды жүзеге асыру тетіктері” секілді тақырыптарда еркін форматтағы пікір алмасулар ұйымдастырылды. Бірқатар мамандар сала төңірегіндегі ойымен бөлісіп, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жастар саясаты департаментінің бас сарапшысы Ернұр Бихожаев жастар саясаты – ел ертеңін айқындайтын басты бағыт екенін атап өтті.

– Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір. Әрбір өскен ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқымымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте біз жастардың ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге қоңіл аударуға тиіспіз. Сондай-ақ, қазір әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға, болашақ ұрпақты қалыптасуы мен жан-жақты дамуына тек арнайы жастар бағдарламалары ғана емес, елімізде іске асырылып жатқан білім берудің, денсаулық сақтаудың, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының ауқымды мемлекеттік бағдарламалары бағытталған. Олардың қатарында “Жұмыспен қамту – 2020”, “Бизнестің жол картасы – 2020”, “Қолжетімді баспана – 2020” бағдарламалары бар. Елбасы тапсырмасына сәйкес, ауыл жастарына арналған “Дипломмен – ауылға” жобасы да жемісін беруде. “Мемлекеттік жастар саясаты жастарға еліміздің толыққанды азаматы болуға мүмкіндік бергі тиіс” деген болатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Қазір ол іс жүзінде жүзеге асырылып, жастар саясаты ел ертеңін айқындайтын басты бағыт екенін дәлелдеуде, – деді Р.Бихожаев.

“Қазақстан жастар Конгресі” ЗТБ төрағасы Айдын Сабитов те жастармен ұйымдастырылатын әлеуметтік жобалар маргинал жастармен жұмыс жүргізу, оларды жұмысқа орналастыру секілді мәселелерді қамтуы тиіс екенін айтты. Жастар мәселесіне келгенде, маргинал және NEET санатындағы жастарды қоғамға бейімдеуді басты назарға алу керектігін тілге



тиек етіп, ұйымдастырылмаған жастармен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдерін ұсынды.

Форумының негізгі жұмысы келесі күні қарқын алды. Аудандардан келген бір топ форум делегаттары “Болашақ” университетінде бас қосып, секция отырысы жалғасын тапты. Әрі қарай шара А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіндегі пленарлық отырысқа ұласып, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов жолындағы жастармен кездесті.

– Құрметті жастар, форумға қош келдіңіздер! Біз «ағадан – ақыл, ініден – ізет» деп, кейінгі толқыға сенім артатын қалыптық. Сыр өңірінде жастар мәселесі бір сәт те назардан тыс қалмап емес. Бүгінде қаладағы және аудандардағы жастар ресурстық орталығында жастармен жұмыс жасайтын мамандар нәтижелі қызмет атқаруда. 20 мыңнан астам жас “Дипломмен – ауылға”, “Жастар тәжірибесі”, “Жасыл ел” мемлекеттік бағдарламаларының қатысушысы атанған. Халықаралық “Болашақ” бағдарламасы аясында 200-ге жуық жас білім алды. 80-ге жуық бағдарлама түлегі өмір дамуына елеулі үлес қосып келеді. “Жұмыспен қамту – 2020” жол картасы бағдарламасы аясында да 50-ден астам жоба жүзеге асуда. Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет саяси және экономикалық табысқа жете алатыны сөзсіз. Сондықтан елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде жағдай жасалуда. Құрметті форум делегаттары, біздің мақсатымыз – жастарға жағдай жасап, қажетті қолдау көрсету. Алдағы форум жұмысына сәттілік тілеймін, – деді Р.Рүстемов.

Келесі болып сөз алған “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің директоры Жасұлан Алдабергенов облыстағы жастар саясатының даму қарқыны жайлы таратып айтты. Оның айтуынша, орталық 2020 жылға дейінгі жұмыс моделінің тұжырымдамасын дайындап, тұжырымдама аясында жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен бірге орталық бүгінде жастардың тың

идеяларын жүзеге асыруына ықпал ететіндей жабықталған. Мұнда дебат, жас тілшілер, еріктілер клубы, “Жайдарман” үйірмелері жұмыс жасайды және аталған үйірмелерге бүгінде 300-ге жуық жас қызығушылық танытып, мүше ретінде тіркелген.

Пленарлық отырыс соңында облыстың белсенді жастарының бірі, тәуелсіздік құрласы Рахметулла Жаппарбергенов форум жастарының үндеуімен таныстырып, жастарды игі істердің ұйытқысы болуға шақырды. Ал “Жас Отан” ЖҚ облыстық филиалының төрағасы Абылайхан Сабанбаев үстіндегі жылдың 1 желтоқсанында Астана қаласында өтетін республикалық жастар форумына қатысатын белсенді 30 жас делегатты хабарлады.

Екі күнге созылған ауқымды шарада белсенді жастар осылайша аймақтағы жастар саясатының оң өзгерістеріне куә болып, тәжірибе алмасты. Нақты мәселелерге тоқталып, ұсыныстарымен бөлісті. Ал біз сөз соңында шығыс жастарының жалынды жетекшісі, небәрі 23 жылдық ғұмырында шұқ жылдызға айналған Ғани Рәббаровтың облыстық форум жайлы бөліскен пікірлері мен ұсыныстарын назарларыңызға ұсынамыз.

Шахмардан Байманов,
“Нұр Отан” партиясы “Жас Отан”
ЖҚ төрағасы:

– Ең алдымен ұйымдастырушыларға

алғыс білдіремін. Форум көңілдімен

шықты. Мұнда біз облыстағы мемлекеттік

жастар саясатын жүзеге асырудың 2020

жылға дейінгі стратегиясының жобасын

талқыладық. Сонымен қатар өмір дамуы үшін маңызды стратегиялық

күжаттың тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай қабылданатынына қуаныштымын. Облыстағы NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу процесіне де жоғары баға беруге болады. Себебі облыс көлеміндегі жұмыссыз, NEET санатына жататын жастардың базасы қалыптасқан және олармен әдрісте түрде тұрақты жұмыс жасау қолға алынған.

Айдын САБИТОВ,
“Қазақстан жастар конгресі”
ЗТБ төрағасы:

– Осындай форумдарда жаңа тех-

ника мен технологияны меңгерген жастардың ортамызда көп екенін, олардың өзгерістерден қорықпай, өміршен, серпінді жобаларын ұсынуын, тартынбайтынын көріп, қуанамын. Себебі осындай креативті жастар барда еліміздің келешегі кемел болары сөзсіз.

Жандос ТУСМАҒАМБЕТОВ,
“Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығы”
қоғамдық қорының директоры:

– Белсенді жастар форумы жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Желісі үзілмеген игі шара биыл да жалғасын тапты. Осы шара арқылы жастарға қатысты түйінді мәселелермен танысуға болады. Өңірімізде жастар саясатына байланысты атқарылып жатқан шаралар талқы таразысына салынып, жастардың жұмысқа орналысуы, өмірден өз орнын табуы секілді мәселелер қозғалады. Жалпы форумның жастарға берері көп деп есептеймін.

Жомарт КЕНЖЕБАЕВ,
“Жас Отан” ЖҚ облыстық филиалының төраға орынбасары:

Бүгінгі күні елімізде көптеген жастар ұйымдары белсенді жұмыс атқарып келеді. Мәселен, “Нұр Отан” партиясының жанынан құрылған “Жас Отан” ЖҚ қоғамдық-саяси жұмыстардың көшбасшысы болып, жастардың белсенділігін арттыруға атсалысса, «Жасыл ел» еңбек жасағы тазалық, қоғаландыру жұмыстарына жәрдем ете отырып, табиғатты қорғауға үлкен үлес қосуда. Ал Қазақстан Студенттер альянсы, Қазақстан Жастар конгресі студент жастардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және тұрмыстық мәселелерін шешуде бастамашы болып отыр. Форумда жастар осы аталған ұйымдардың жұмысымен танысуға мүмкіндік ала алады. Сонымен қатар басқосу барысындағы ұсыныстар ішінде жастар ұйымдарына арнап гимарат салу мәселесін құптар едім. Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов айтылған ұсынысты жіті назарға алатынын айтқанда көңіліме қуаныш ұялады.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ.

САНАЛЫ ҰРПАҚ ӨНЕГЕЛІ
ОТБАСЫНАН
ТҮЛЕП ҰШАДЫ

Ел Тәуелсіздігінің ширекасырылық мерекесі аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «Үлгілі отбасы – мемлекет тірегі» атты әкелер форумы өтті. Форумға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, үлгілі отбасыларды мерекеміз құттықтады.

Өскелен ұрпаққа арналған тағылымдық тәрбиелік мәні зор шараны облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Медиа-Пресс» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Басқосуға аудандар мен Қызылорда қаласынан жиналған ер азаматтар жастардың бойына отандылықты сіңіру, ұлттық дәстүрімізге құрмет көрсету, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы ойларын ортаға салды. Уақыт талабынан туындап отырған жаңашыл идеяларға қолдау көрсету жолдарын талқылады.

Бүгінде отбасылық құндылықтарды насихаттауға, қадым заманнан келе жатқан бала тәрбиесіндегі озық тәжірибелерді пайдалануға мән беріліп келеді. Ұлтымыз ер баланы Отан мен отбасының қорғанына, қызды ұлттың ертеңіне балаған. «Баланы жастан», «Әке көрген оқ жонар» деген аталы сөздердің астарынан бала тәрбиесінің бәрін де жоғары тұлғаның аңғаруға болады. Отбасындағы береке-бірлік, ата-ана арасындағы сыйластық шаңырақтың түтінін тұзы шығарумен қатар, ол үйдегі балалардың мінезін, өмірге көзқарасын қалыптастырады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, парасаты мен пайымы жарасқан саналы ұрпақ өнегелі отбасынан түлеп ұшады.

Форум барысында ардагер-ұстаз Н.Бәкіров, жырау Б.Рүстембекулы, Арал ауданындағы №13 мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы С.Единжазов, жаттықтырушы Х.Елеусізін бұл тәрбиесіндегі кейбір мәселелер туралы ой қозғалды.

Қатысушылар облыс әкімінің алғысымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Астанда өтетін республикалық әкелер форумына облыс атынан 4 азамат қатысатыны болды.

Шара соңында композитор С.Ұлықпаңұлы өнерпаз балалармен бірге әннен шашу шашты.

М.МЕРЕЙ.

Қызылорда облысындағы мүлктік жария ету барысы туралы

Қызылорда облысында мүлктік жария ету жұмыстары жалғасуда.

2016 жылдың 19 қазандағы жағдайы бойынша Қызылорда облысында мүлктік жария етуге барлығы 1666 өтініш 1976 жылжымайтын мүліктерді жария етуге берілген. Оның ішінде тұрғын емес үй-жайлар бойынша – 1117 өтініш, соның ішінде коммерциялық объектілер бойынша – 932 өтініш, тұрғын үй бойынша – 859 өтініш. Келіп түскен өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы 14 431 573,4 мың теңгені құрады.

1424 өтініш бойынша жалпы құны 13 450 437,7 мың теңге болатын 1700 объект жария етілген.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОП

Тәуелсіздіктің елімізге берген сыйы көп. Ел егемендігінің арқасында діни-сенім бостандығына еркіндік беріліп, бүгінде елімізде мешіттер саны артып, Мәселен, біздің облысымызда бұрын 23 мешіт болса, оның саны қазіргі кезде 150-ден асты. Десек те, соңғы жылдары елімізде болып жатқан жағдайлар, Қазақстандағы рухани өзгерістерге тоқталып өтуді қажет етеді. Осыған орай, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің ұйымдастыруымен өңірімізге келген республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері діни мәселесі бойынша облыс жұртшылығымен кездесу өткізді. Сондай кездесудің бірі Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде болды. Оған студент жастар, мектеп оқушылары, құқық қорғау органдарының мамандары, кент тұрғындары қатысты.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ
ҚҰНДЫЛЫҒЫ САҚТАЛАДЫ

Шара барысында Дін істері Исламдық діни бірлестіктермен байланыстар басқармасының бас сарапшысы Нұрғали Қабылов діни қызметті тек ресми түрде тіркелген діни бірлестіктер атқара алатынын мәлімдеді. Сонымен қатар миссионерлердің барлығы елімізде ресми тіркелген діни бірлестіктердің шақыртуымен келетінін де айтты. Қазіргі таңда елімізде ресми тіркелген 514 миссионер бар.

– Бір кездері мешіт салу сөнге айналғаны жасырын емес. Ал қазір мешіт салу үшін мұғият пен жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты керек. Оның өзінің арнайы талаптары бар. Бүгінгі таңда елімізде 30 мыңға жуық діни әлеуметке сараптама жүргізілді. Олардың 500-нен астамына теріс қорытынды берілді. Яғни, Қазақстан аумағында таратуға рұқсат етілмейді. Осылай-

ша елімізге келетін әдебиеттердің қандай бағытта екені анықталды. Елімізде 18 конфессияны біріктіретін 3621 субъект әрекет етеді. Қазіргі таңда 2528 мешіт бар. Жыл өткен сайын оның саны да артуда. Сондай-ақ, 286 намазхана бар. Католик шіркеуі – 108, православ шіркеуі – 294, ал ең көп тарағаны протестантизм бағытындағы 667 діни бірлестік бар. Қарап отырсақ, мемлекет ешқашан дінге қысым көрсеткен емес. Қай діні болсын, қашанда қолдау көрсетуде, – деген Н.Қабылов Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасындағы төрт басымдықта да тоқталып өтті.

Осыдан бес жыл бұрын еліміздегі түрмелерде де мешіттер болды. Алайда 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер

жайлы» заңға енген өзгертулерден кейін ондағы мешіттер өз жұмысын тоқтатты. Оның себебін мамандар мешітті кейбір адамдардың бас пайдасын асыра отырып, жазасын өтеушілерді теріс бағытта тәрбиелеп, мемлекетке қарсы қойғандығы, тіпті ол жерлерден қару-жарақтың табылуы сияқты деректердің тіркелгенімен түсіндірді.

Кездесу барысында сөз алған Дін істері комитеті Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының бөлім басшысы, бас ғылыми қызметкер Тұрар Әбуов республикада 304 ақпараттық түсіндіру тобының құрылғанын тілге тиек етті. Оның құрамында 3 мыңдай адам жұмыс жасайды. Онда үкіметтік емес ұйым мүшелері, мемлекеттік қызметкерлер, дінтанушылар бар. «Зайырлы мемлекетімізде Құдайға құлшылық ететін де, құлшылық жасамайтындар да өмір сүреді. Керек десеніз Құдайға сенетін де, сенбейтін де алам өмір сүреді. Ал енді біреуге «Құдайға неге сенбейсің?» деп оны жазалауға рұқсат жоқ. Елбасымыз айтқандай, зайырлы құндылығымызды сақтай отырып, экстремизм мен терроризмдегі күресте бір сап түзеуіміз керек. Біз бір болуымыз керек, – деді Тұрар Әбуов.

Мұнан кейін «Нұр Астана» мешітінің нағиб имамы Әділхан Серікбай жастардың жат ағымның жетегіне еріп кетпеуін, кез келген саясаттарға тек мешіттердегі имамнан жауап алуға болатынын айтты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке сот орындаушы Қалмағамбетова Лаура Ералыевна (лицензия №2922 15.09.2016 жыл) Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №20 үй, 2 пәтерде жұмысын бастайтынын хабарлайды.

Байланыс телефоны: 8 701 956 41 70.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Шеримбетова Кенишкул Алтыбековнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» ш/а, 11 үй, 36 пәтерге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрылық №10-156-012-249, №0022310 07.02.2007 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Камал Баймырза Ерланұлының атына Қызылорда қаласындағы №6 орта мектептің 9 сыныбын 16.06.2015 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №1366419 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау белімесі
телефоны

70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау белімесі

40-02-17

Бас редактордың
орынбасары

70-00-43

Жауап